

## Көшеге қайта атау беру туралы

Атырау облысы Исатай ауданы Аққыстау ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 13 қазандағы № 6 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 қазанда № 3654 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес және облыстық ономастика комиссиясының 2016 жылғы 2 тамыздағы қорытындысы негізінде Аққыстау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Исатай ауданы, Аққыстау ауылдық округі, Аққыстау ауылындағы Сәкен Сейфуллин көшесінің бөлігі (1-33 үйлері) "Бақтығали Ғұбайдуллиннің" атымен қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аққыстау ауылдық округі әкімінің орынбасары М. Хисметуллинге жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққыстау ауылдық округінің әкімі*

*А. Хайдаров*